

**Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің "Орталық коммуникациялар қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 45 бұйрығы

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 1-тармағының б) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 наурыздағы № 142 қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің "Орталық коммуникациялар қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің "Орталық коммуникациялар қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 21 маусымдағы № 7 бұйрығының (2016 жылғы 1 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің "Орталық коммуникациялар қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 21 маусымдағы № 6 бұйрығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2017 жылғы 16 қаңтардағы № 8 бұйрықтарының (2017 жылғы 25 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті:

1) осы бұйрық бекітілгеннен кейін оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және қоғамдық даму министрі*

*Д. Абаев*

Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және қоғамдық даму  
министрінің  
2019 жылғы 4 сәуірдегі  
№ 45 бұйрығымен бекітілген

## **Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің "Орталық коммуникациялар қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің "Орталық коммуникациялар қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін орталық атқарушы органдар мен мемлекеттік органдардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдерінің бұқаралық ақпарат құралдары жұмысында мемлекеттік саясатты ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыру үшін мекемемен өзара іс-қимыл ету бойынша функцияларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) ведомстволық ұйымы болып табылады.

2. Мекеме өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Мекеме мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оқшауланған мүлкі, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында есеп шоттары бар.

4. Мекеменің құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Мекемеге қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган Министрлік болып табылады.

Мекеменің мүлкіне қатысты республикалық меншік субъектісі құқығын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті жүзеге асырады.

5. Мекеме өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

6. Мекеме өз құзыреті шеңберінде белгіленген заңнамалық тәртіпте Мекеме басшысының бұйрығымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Мекеменің құрылымы мен штат саны Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің келісімі бойынша Министрліктің жауапты хатшысымен бекітіледі.

8. Мекеменің толық атауы:

мемлекеттік тілде:

толық - Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің "Орталық коммуникациялар қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесі;

қысқартылған - Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің "Орталық коммуникациялар қызметі" РММ;

орыс тілінде:

толық - Республиканское государственное учреждение "Служба центральных коммуникаций" Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан";

қысқартылған - РГУ Служба центральных коммуникаций" Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан".

9. Мекеменің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Д. Қонаев көшесі, № 4 үй.

10. Осы Ереже Мекеменің құрылтайшы құжаты болып табылады.

11. Мекеменің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Егер Мекемеге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен түскен кірістер бюджеттің кірісіне жолданады.

13. Мекеме басқадай заңды тұлғаны құра, сондай-ақ құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

14. Мекеме өз міндеттемелері бойынша оның өкіміндегі ақшаға жауап береді. Мекемеде ақша жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша субсидиялық жауапкершілікті Қазақстан Республикасы артады.

15. Мекеме Қазақстан Республикасының аумағында филиалдар мен өкілдіктерге ие болуға құқылы.

## **2-тарау. Мекеме қызметінің мәні және мақсаты**

16. Мекеме қызметінің мақсаты мемлекеттік билік органдарының және қоғамның өзара іс-қимыл етудің тиімді механизмін құру, сондай-ақ ақпараттық салада мемлекеттік органдар мен бұқаралық ақпараттық құралдардың өзара іс-қимыл етуі болып табылады.

17. Мекеме қызметінің мәні мыналар:

1) мемлекеттік органдардың, ұлттық компаниялардың, мемлекеттік мекемелердің және бұқаралық ақпараттар құралдарының бірыңғай коммуникация алаңын қалыптастыру;

2) өңірлік бұқаралық ақпараттар құралдарымен өзара іс-қимыл ету бойынша тиімді механизмдерді жасау;

3) мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге қатысу;

4) бұқаралық ақпараттар құралдары мен коммуникациялар мәселелері бойынша халықаралық тәжірибені зерттеу болып табылады.

18. Мақсатқа жету үшін Мекеме мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) ұзақ мерзімді және ағымдағы медиа-жоспарларды әзірлеуге қатысу;

2) әр түрлі салалар бойынша ақпараттық деректер қорының жинай отырып, елдегі және шетелдегі ақпараттық алаңның ағымдағы жай-күйіне талдау жүргізуге ықпал ету;

3) тұрақты шолуларды, анықтамаларды және есептерді жасай отырып, келіп түскен ақпараттарды талдау;

4) жиналған материалдардың негізінде ақпараттық алаңды дамытудың талдамалық және болжамдық құжаттарын, сценарлық жоспарын даярлауға қатысу;

5) елдегі өткізіліп жатқан реформаларды және басқа да стратегиялық бастамаларды ақпараттық сүйемелдеу бойынша брифингтерді, баспасөз-конференцияларды ұйымдастыру;

6) мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері бойынша апта сайынғы, ай сайынғы және жыл сайынғы кезеңдерге мемлекеттік органдар үшін ұсынымдарды әзірлеуге қатысу;

7) мемлекеттік органдар үшін әр түрлі ақпараттық оқиғалар бойынша ақпараттық-анықтамалық материалдарды (топиктерді) даярлауға ықпал ету;

8) мемлекеттік органдар үшін қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімде кезеңдерге ақпараттық іс-шаралардың оқиғалық қатарын даярлауға қатысу;

9) бұқаралық ақпарат құралдары үшін ақпараттық-талдамалық материалдарды даярлауға қатысу;

10) мемлекеттік органдар үшін әдістемелік ұсынымдар мен материалдарды даярлауға қатысу;

11) өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары үшін тренингтерді өткізу;

12) анықтамалық және ақпараттық материалдарды мемлекеттік, орыс, ағылшын және басқа тілдерге аудару;

13) өз жарғылық қызметі мәселелері бойынша халықаралық конференциялар, семинар, көрмелер және басқа да іс-шаралардың жұмысына қатысу;

14) мекеменің атынан және өз құзыреті шеңберінде мемлекеттік органдармен, мемлекеттік емес ұйымдармен және шетелдік мекемелермен хат алмасуды жүргізу, сұрау салуларды жүзеге асыру;

15) бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде мемлекеттің жоғары лауазымды тұлғаларының қатысуымен мемлекеттік ақпараттық саясатты ілгерілету;

16) бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері. сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл саласымен айналысатын қызметкерлер үшін оқыту және тренингтер өткізу;

17) консалтингтік және әлеуметтік зерттеулер жүргізу;

18) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына жауап беретін және мекеменің жарғысына қайшы келмейтін қызметтің басқа да түрлерін жүзеге асыру.

Мекемеге жарғыда бекітілген оның қызметінің мәніне және мақсаттарына жауап бермейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

### **3-тарау. Мекеменің құқықтары мен міндеттемелері**

19. Мекеменің құқықтары мен міндеттері:

Мекеме:

1) өз құзыреті шегінде құқықтық актілерді шығаруға,

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге;

3) Мекеменің құзырына кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, конкурстар және басқа да іс-шараларды өткізуге;

4) қызметтің жетекшілік ететін бағыттары бойынша консультативтік-кеңес органдарын (жұмыс тобын, комиссия, кеңестер) құру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

Мекеме міндетіне мыналар:

1) Мекемеге жүктелген міндеттер мен функцияларды іске асыруды қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

3) Мекеменің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер даярлау;

4) Мекеме теңгерімінде тұрған мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.

### **4-тарау. Мекеменің қызметін ұйымдастыру**

20. Мекемені, Мекемеге жүктелген міндеттерді орындау және олармен өз қызметтерін жүзеге асыру үшін жеке жауапкершілікті артатын Директор басқарады.

21. Мекеменің директоры Министрмен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

22. Директордың Министрдің келісімі бойынша қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

23. Директор Мекеменің жалпы қызметін басқаруды жүзеге асырады.

Осы мақсатта Директор:

1) өзінің орынбасарларының, құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен Мекеме жұмыскерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) өз құзыреті шегінде, Мекеме, оның құрылымдық бөлімшелерінің жұмыскерлерімен орындау үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқау береді;

3) еңбек қатынасының мәселелері Министрмен келісетін жұмыскерлерді қоспағанда, Мекеменің жұмыскерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) іссапар, еңбек демалысын беру, материалдық көмек көрсету, біліктілікті даярлау (қайта даярлау), арттыру, марапаттау, үстем ақы төлеу және сыйақы беру, сондай-ақ Мекеме жұмыскерлерінің тәртіптік жауапкершілігі мәселелерін шешеді;

5) заңнамаға сәйкес мекеменің атынан мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда өкілдік етеді;

6) Мекеменің, оның құрылымдық бөлімшелерінің жұмыскерлерін мемлекеттік наградалармен марапаттау, оларға Қазақстан Республикасының құрметті атақтарын беру туралы ұсынымдарды Министрліктің қарауына енгізеді;

7) сенімхатсыз мекеменің атынан әрекет етеді;

8) оның құзыретіне жатқызылатын басқа да мәселелер бойынша шешім қабылдайды

Мекеменің директоры болмаған кезде, оның өкілеттігін орындау қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны ауыстыратын тұлғамен жүзеге асырылады.

24. Мекеме директорының орынбасары:

1) өз өкілеттігі шегінде Мекеменің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіреді;

2) Мекеменің директорымен өзіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады

25. Директор және директордың орынбасарлары Министрдің, Министрліктің Жауапты хатшының, жетекшілік ету Вице-министрдің және Министрмен ұсынылған құзыреті шегінде Министрліктің Ақпарат комитеті Төрағасының берген міндетті тапсырмаларын орындайды.

## **5-тарау. Мекеменің мүлкі**

26. Мекеме мүлкі құны оның теңгерімінде көрінетін активтерді құрайды.

Мекеменің мүлкі оған мемлекет берген мүлік есебінен, сондай-ақ құны Мекеме теңгерімінде көрінетін өзге де мүлік есебінен қалыптастырылады.

27. Мекемеге өз бетінше мүлікті иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілмен оған бекітілген мүлікке иелік етуге, егер Қазақстан Республикасының заңдарымен өзгеше белгіленбесе рұқсат берілмейді.

## **6-тарау. Мекеменің жұмыс тәртібі**

28. Мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасындағы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

## **7-тарау. Мекемені қайта құру және тарату**

29. Мекемені қайта құру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.